

**"Бюджеттің атқарылуының кейбір мәселелері туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы №7 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы Қазалы аудан әкімдігінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 202 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25862 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабының 1-тармағына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бюджеттің атқарылуының кейбір мәселелері туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 7 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7218 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазалы ауданының қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазалы ауданының әкімі*

*М. Уразбаев*